

FTAMP 17.01.45

М.Е. Дайрабаева¹, Д. Ыскакулы¹

¹Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

КЕШЕНДІ ТҮСІНІК БЕРУ АРҚЫЛЫ АЙТЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа. Бүгінгі жастар мен болашақ ұрпаққа қазақтың төл өнері айтысты таза, мінсіз қалпында мұра ету мәселесі бүгінгі күнде өзекті болып отыр. Қазіргі айтыс өнерінің болашағы, оның қоғамдағы маңызы мен әлеуметтік қызметі, өзіндік ерекшеліктері және айтысты оқытудың әдіс-тәсілдері кеңінен қарастырылуда.

Мақала айтыс өнерін оқытуда қолданылатын оқыту әдістеріне арналған. Айтысты тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланыла отырып оқыту - ұлттық өнеріміздің маңыздылығын, күнделікті қолданысын, болашақта қоғамдық сұранысын арттырады.

Мақалада бүгінгі жаңартылған мазмұнда білім беру бағдарламасы бойынша 7-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәніне енгізілген «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысын» оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер жайлы айтылады. Кешенді түсінік беру арқылы оқытудың түрлері аталады. Сонымен қоса кешенді түсінік бере отырып оқыту арқылы айтыстың мазмұндық-мағыналық сипатын, тәрбиелік қызметін, тарихи-мәдени құндылығын толық тануға мүмкіндік беретіні түсіндіріледі.

Түйін сөздер: айтысты оқыту, кешенді түсінік беру арқылы оқыту, түсінік бере оқыту түрлері.

Аннотация. Проблема наследования казахского народного искусства от нынешнего до будущих поколений в чистом, совершенном состоянии становится сегодня актуальной. Будущее современного искусства айтыс, его значение в обществе и его социальная функция, его особенности и методы обучения айтыс широко обсуждаются.

Статья посвящена методике, используемой в обучении айтысов. Обучение с использованием эффективных методов повышает значимость национального искусства, его повседневного использования и сохранения для будущих поколений.

Статья ссылается на обновленное на сегодняшний день содержание методики преподавания, использованной при обучении в 7 классе «Айтыс Суймбай с Катаганом», включенной в дисциплину «Казахская литература». Через сложную интерпретацию определены типы обучения. Это также объясняет, что с помощью сложной

интерпретации можно полностью понять содержание и значение айтыс в образовательной деятельности, его историческую и культурную ценность.

Ключевые слова: обучение айтыс, обучение посредством сложной интерпретации, виды обучения, объяснения.

Abstract. The problem of the inheritance of Kazakh folk art from the present and future generations in a clean, perfect condition is becoming relevant today. The future of aytys modern art, its significance in society and its social function, its features and methods of teaching aytys are widely discussed. The article is devoted to the teaching methods used in teaching aytys. The article is devoted to the teaching methods used in teaching aytys. Learning using effective teaching methods enhances the value of national art, its daily use and future public demand.

The article refers to the currently updated content of the teaching methodology used in teaching in the 7th grade «Aytys Suymbai with Catagan», included in the «Kazakh literature» discipline. Through a complex interpretation, learning types are called. It also explains that with the help of a complex interpretation, one can fully understand the content and meaning of aytys, educational activities, historical and cultural values.

Keywords: teaching aytysu, learning through complex interpretation, types of learning, giving an explanation.

Айтысты оқыту – ғылымның біршама саласымен тығыз байланысқа түсу. Төл өнерімізді оқыту оқушыларға әрі теориямен, әрі тәжірибемен ұштасқан өнерді меңгерту болып саналады. Себебі айтыс туралы түсінік, айтыста қозғалатын ой мен ұғым, қолданылатын сөздердің мәнін, айтылатын тарихи танымдар оқушыға өз тарапынан әсерлілігімен, эмоциялылығымен, рухани тағылымымен терең ойлануына түрткі болады. Сондай-ақ айтысты оқудың ықпалы ұлттық санаға тікелей әсер етеді. Әсерліліктің нәтижесінен оқушыны жеке тұлға ретіндегі әрекетке итермелеп, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырып, айтыс пен айтыскер ақынның тұла бойындағы бар қасиетін тануға талпындырады. Ғылыми пайымдаулар мен халықтық баға бойынша, «зерделеп қарасақ, айтыс өнері тәрбие мектебі деуге де болатындай» [1, 10].

Оқушыларға айтыстың күдіретін, оның қазақ халқы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, халықпен бірге жасасып отыратын ғұмырлы өнер екенін айтып, сол айтысты туғызушы, дамытып, жалғастырып келе жатқан айтыскерлер туралы, олардың шығармашылық әлемінің ерекшелігін түсіндіру оқыту процесінде толық қамтылуда ма? - деген сауал туады.

«Не бір от тілді, орақ ауызды айтыскерлер, шабыты келіп шалқыған кезде жыр маржандарын түйдек-түйдегімен шүйделеп тастап, өлең дегеніңізді бұрқыратып жіберетін хикмет жез таңдай ақындар кездесіп отырады» [2,49]. Оқушы айтысты оқу барысында айтысты түсіну керек, айтыскердің шығармашылық тұлғасын тану керек, өнердің ерекшелігін сезіну керек. Бұл – күрделі құбылыс. Айтысты оқу – айтысуда айтылған ақын сөзінің астарындағы мағынаны түсіне отырып, айтыскердің болмысын көруде, сол арқылы өз ұлтының таным-түсінігін, дүниетанымын, рухани әлемін бағамдау әрекеті. «Шығарманы талдағанда, біз оның ішкі қатпарына барлауымыз керек. Бүкіл микроорганизміне бойлауымыз керек» [3, 60] - дейді көркем шығармаға талдау жасауға арналған еңбегінде Т.Ақшолақов. Қандай көркем шығарма, қай жанрда болса да, оқушы соны қабылдау үшін әрқете жасамаса, автордың жан күйзелісін, жүрек тебіренісін, шабытын бойынан өткізіп сезінбесе, сол шығармашылық кезенді көз алдында елестете алмаса – оқу-танымдық процестің бәрі нәтижесіз болмақ. Сондықтан оқушы бойынан осындай сезімді оятып, жаңа білім мен танымға талпынысын оятып, дамытып отыру, оқыту процесінің әрбір әрекетінен күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін педагогтың оқыту барысында қолданылатын оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдері өте ықпалды, ең негізгі рөл атқарады.

Айтыс өнерін оқытудың тиімді жолдары балалардың ауызша, жазбаша мазмұндау дағдыларын қалыптастырып, қабылдау, есте сақтау дағдыларын қалыптастырады. Шешендік пен тапқырлығын шыңдайды. Сонымен қоса суырыпсалмалылық қабілетін оятады.

Мектепте айтысты оқытуда ескеретін басты мәселе – оқушының шығармашылық қабілетін көңіл бөлу, тапқырлығына назар аудару. Себебі айтыс жай ғана сөз ұйқасы емес, сөз саптау арқылы іске асатын шабыуыл жасай отырып, қорғануды қажет ететін өзіндік тактикасы бар сөз додасы. Басқа тақырыптарға қарағанда, оқушылар айтысты оқуда сезімге, шабытқа, эмоцияға еркіндік береді. Арқаланып, делебесі қозып, қошемет пен қолдауды сезіне отырып, көпшілік ортасында күллі ел атынан сөз алып сөйлеудің жауапкершілігін түсінеді. Айтысты оқытудың қызығы мен күрделілігі – осында.

Ахмет Байтұрсынұлы бойынша айтқанда, жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзіне қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек», - деген. Мектепте айтысты оқытуда қолданылатын тиімді әдіс – Сократ әдісі. Себебі «Айтыстың өзіндік тәртіп, жосыны болады. Сол тәртіп жосын бойынша біріншіден, аман-сәлем жасасып, жөн сұрасады; Екіншіден, өзін таныстырады, қандай, қандай арыстарға түсіп, нендей жүйріктер мен саңлақтарды жеңгендігін айтады» [2,45]. Дәл осы «тәртіп, жосын»

жаңартылған мазмұнда білім беру бағдарламасы негізінде жасалған «Қазақ әдебиеті» оқулығында берілген «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысында» көрінеді.

Ассалаумағалайкүм, сәлем бердік,
Мұбарак жүздерінді жаңа көрдік.
Атақты ас, жиынды құттықтауға,
Бауырлас қырғыз елі, саған келдік.
Хан Жантай, Қара Бәйтік, Өтекеңе,
Келіп ем сәлемдесе Орман ханға...
Қол жайып, құран оқып өткендерге,
Аруағын атаң, қырғыз, келдім жоқтай.
Алдына қалың қырғыз келгеннен соң,
Жарай ма қайтып кету көңіл айтпай?! [4,69]

деп сұрап, қырғыз еліне келген қазақтың қалың тобының мақсатын, себебін түсіндіреді. Сүйінбай осылай тоқтағанда, қарсыласы қырғыздың Қатаған деген ақынның берген жауабы өзін таныстыруымен, жзінің ақындық қасиетін сипаттауымен, айтыстағы жеңістерін мадақтауы арқылы қырғыз елінің игі жақсыларын таныстыруымен өрбиді:

Менің атым – Қатаған,
Қоңыр Бөрік асында
Бес жүз жылқы матағам...
Ұрыдың келіп қатадан.
Қырғыздан шыққан жүйрікпін... [4,69]

Ал «үшіншіден, тіреске өтеді» [2,45]. Яки осы жерде айтыстың шиеленісу сәті туады. Қарсыластың кем-кетігін, әлсіз тұстарын сынау арқылы сағын сындыру әдісіне көшеді. Елінің, жерінің мұңын ашып айта отырып омақата түсіруге, қарлысас ақынның апшынын басуға кіріседі. Мысалы, аталмыш айтыста Қатаған Сүйінбайға:

Байлық десең, бізде бар,
Батырлық десең бізде бар...
Көптік десең, мұнда бар.

Беттік десең, мұнда бар... [4,71] деп, өз елінің бегі мен батырын, байлығы мен көптігін айтып мақтанады. Сол арқылы Сүйінбайға екпіндете соқтығып жасқандырмақ болады. Алайда, Сүйінбайдың Қатағанға:

Көппін деп айттың, Қатаған,
Көптігің сенің қайда бар,
Үш атаның ұлысың,
Қазағымды қаптатсам,
Жұртта қалған күшіктей,
Айдалада ұлырсың –[4,71]

деп бастаған сөзі қазақтың үш жүзінен шыққан руды, әр рудан шыққан батыры мен баһадүрін, сұлтаны мен билігін, әр рудың мекен еткен атамекенінің құт-берекесі мен байлығын, әр атадан тараған елдің

тектілігін, жалпы қазақ ұлтының ұлылығын сөз маржанымен тізбектейді. Міне, осыдан кейін айтыстың тәртібі бойынша «сөзден сүрінген жақ өз кемдігін мойындағандай лебіз білдіреді» [2,45].

- Сүйінбай, ботам! Екі елдің бас қосқан айтысында Қатағанды жеңгенің үшін ... алты қанат ақ орда, алтын бесік, бір бүркіт, мойнында күміс қарғысы бар екі тазы сыйлаймыз. Риза бол, қарағым! – дейді Қара Бәйтк асқа жиналған күллі қазақ пен қырғыздың ортасында [4,75]. Осылайша, З.Сәнік айтқандай, «өзара рақайласып жеңілген қарсылас жеңгенге жолын береді, тақырында әдеп-ибамен қош айтысады» [2,45]. Сөйтіп Сократтың афиндықтармен әңгімелесу барысында оларға сұрақтар қою арқылы ойлантуға, алдындағы ойын қайта қарауға мәжбүрлеу әдісі қазақтың айтыс өнерінде де жүзеге асады. Сократтың ирониясы сияқты Сүйінбайдың айтқаны Қатаған ақынды өзіне-өзін қарсы қояды. Сораттың диалектикалық әдісінің бір қыры болған адамның өз-өзімен, басқалармен қарым-қатынасын да оқушы айтыс өнерімен танысуда меңгереді. Сократ әдісі бойынша ой бірнеше бөліктерге бөлініп, әрқайсысы сұрақ түрінде беріледі. Жауаптары қарапайым, қысқа және алдын ала белгілі жауаптарға негізделеді. Бұл бастаманы қолға алатын айтыстағы айтыскерлердің бір-біріне берген жауабы, диалогы болып табылады.

Оқушыларды креативті ойлауға бағыттай отырып, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсетіп, дәлелдер келтіруге, салыстырып талдау жасай білуге, бағалауды қалыптастыратын дағдыларды меңгерту - қазіргі қазақ әдебиеті пәні бойынша білім берудің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасының мақсаты. Білім берудегі өзгерістер оқыту процесінің әдістемелік жүйесін жаңаруын, толықтырылуын, қоғамдық талапқа зай өзгеруін талап етуде. Нәтижесінде түсінік беру арқылы оқытуға кешенді түрде назар аударыла бастады. Мысалы, ғалым М.В.Черкезова оқушыларға тақырыпты түсінік беру арқылы оқытудың кешенді төрт түрін атап өтеді:

- тарихи-мәдени;
- географиялық;
- лингвистикалық;
- этнографиялық.

Айтыс өнерін кешенді түсінік беру арқылы оқыту оң нәтижелі процесс болмақ. Себебі кешенді түсінік берудің барлық түрі өзара байланысты, жеке дара сирек қолданылады. Сабақтың мақсатына қарай тереңдейтін, жалпылайтын, жаңалайтын болады. Осы тұрғыдан алғанда оқушылардың айтыс туралы білімін жетілдіру қазақ халқының ұлттық мәдениетін, айтыскер ақындардың айтыстарын оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, идеялық-көркемдік мазмұнын саралап, ретті, жүйелі түрде түсінік беру арқылы оқытуды көздейді. Айтыс пен айтыскерлерді түсінік беру арқылы оқыту әдісін қолданғанда сабақ барысында лингвистикалық, тарихи, географиялық, этнографиялық

комментарийлер беру арқылы ұсынылады. Мұғалім оқушыларды көркем бейне, көркем қатынас тудыратын поэтикалық ассоциацияға терең енуді, көркемдік тілін қарастыруды үйретуі, тарихи-мәдени, теориялық мәліметтерден оқушыларға хабар бере алуы керек.

Айтысты оқу мен талдау үрдісінде түсінік беру – оқушыларға өлеңді дұрыс түсінуге, көркемдік әлеміне енуге, поэтикалық өзгеше сөйлеу ойларын ашуға, оқытылып отырған айтыстың тақырыптық мазмұнын ашуға көмектеседі. Мұғалімнің шеберлікпен түсіндіруі жалпы айтыс өнеріне қызығушылық, қабылдау эмоциясын туғызады.

Айтысты кешенді түсінік беру ұстанымы бойынша оқытуда:

- Тарихи-мәдени түсінік беру – оқытылып отырған айтыста айтыскердің өмірбаяны бойынша немесе айтыста айтылған тарихи, мәдени жағдайларға байланысты түсініксіз, белгісіз жайттарды, айтыс өткен кездегі оқиғаларды қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты фактілермен түсіндіру.

- Географиялық түсінік беру – айтыста аталып өткен географиялық атауларды түсіндіру. Мысалы, Сүйінбайдың Қатағанға айтқан сөзінде:

Еділ-Жайық екі су,

Сырдарияның саласы,

Арасында сол жердің

Кіші жүздің баласы... [4,75]

деп аталатын қазақтың жер-суы аттарына қатысты деректер келтіру арқылы түсінік беру.

- Лингвистикалық түсінік беру – тілдің әр түрлі элементтерін, айтыста қолданылған мағынасын түсіндіру. Атап айтқанда айтыста кездесетін қарғы, сүйрік, шормақ, сңлақ, мес сөздеріне түсінік беру, наркелде, қияқты, тезімді т.б. сөздерінің контексте қолданылған мағынасын ашу. Бұл әрекет әр түрлі сөздіктердің көмегімен жүзеге асады.

- Этнографиялық түсінік беру – халық тұрмысында кездесетін ұлттық дәстүрлер мен ырымдарды, жорамалдарды түсіндіру процесі. «Қырғыз ханы Орман ас береді» деген хабар көршілес қазақ еліне алты ай бұрын тарайды. Орман ... Тезек төреге арнайы хат жібереді. Хат иесі Тезекке атақты асқа не әкелу керектігін айтпағанмен, ақын, жыршы, жырауларды, найзагер, бапкер, палуандарды ала келуін өтінеді... [4,69]. Міне, осында ас беру, асқа хабар беру салты, көрші қақысы, асқа ақын-жыршы, бапкер-палуандардың қатысу салты, т.б. сияқты ұлттық болмысқа қатысты этнографиялық ұғымдар түсіндіріледі.

Түсінік беру арқылы оқытудың: алдын-ала түсіндіру, талдау барысында түсіндіру, жанрлық түсіндіру сияқты түрлері болады. Оқытудың бұл түрлері пәнаралық байланысты нығайтады. Оқушылардың сөздіктермен жеке жұмыс жасауына ықпал жасайды.

Айтыскердің ақындық шеберлігін оқыту оның өмірбаянын оқытудан басталады. Мұғалімнің айтыскер ақынның өмірбаянын

мазмұндауы немесе мәлімет беру – бұл ақын өмірінің, оның шығармашылық және азаматтық қызметінің, қоғам өмірінің сипаттамасы мен алдыңғы қатарлы дәстүрлі ұлттық мәдениетпен байланысты тұлғасының қалыптасуын қайта ұйымдастырып құру. Осыған байланысты түсінік беру арқылы оқытудың толық кешені қолданылады.

Лингвистикалық түсіндіруде ақынның қолданысындағы сөздерді бөліп алып, жеткілікті деңгейде түсіндіріледі. Сөздерді ұғындыру үшін, алдымен, оның тура мағынасы анықталады. Содан кейін сөз мағынасы жаңа мәтіндік мысалдардың, түсіндірулердің және сөздіктердің, жаттығу жұмыстарының көмегімен кеңейеді.

Географиялық түсіндіру бірнеше жағдайда қолданылады: айтыскер ақынның туып-өскен жері туралы мәлімет берілгенде; айтыстың болып өткен жеріне қатысты, таралуына қатысты айтылғанда; айтыс барысында ааталған жер-су аттарына тоқталғанда.

Айтыскер өмірбаянын, шығармашылығын, жалпы айтыс өнері туралы білім бергенде этнографиялық түсіндіру міндетті түрде жүзеге асады. Мысалы, С.Аронұлының айтыскерлігі жайлы сөз болар алдында, оның ақындық жолы, шығармашылығы сөз етіледі. Соның бірі, Сүйінбайдың Жамбылға бата беруі, «Бөрілі менің байрағым» т.б. Үлкеннің кішіге бата беруі немесе кішінің елдің құрметті азаматынан, көпті көрген қариядан, сөзі дуалы, халқы пір тұтқан үлкеннен әдейілеп іздеп барып бата алу жолын этнографиялық түсіндіру арқылы жеткізуге болады. Жалпы айтыс туралы түсінік қалыптастырудың өзі тікелей этнографиямен байланысты. Себебі этнография белгілі бір ұлттың ерекшелегі жайлы түсінікті қалыптастырса, сол түсінік айтыс өнерімен байланысқанда түгел сипатталады. Бұған себеп - айтыс өнерінің ұйымдастырылуы мен ақындар айтысып аяқталғанға дейінгі аралық түгел дерлік ұлттық сананы, ұлттық болмысты, ұлттық сипатты толық аша алатын төл өнер болып саналуы.

Қорыта келгенде, айтыс өнерін оқып-үйренуде жас оқырман, ең бірінші, өзінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытады, оқыған айтыс өлеңдері арқылы ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Сонымен қатар тапқырлық пен шешендікке қол жеткізеді. Қиын сәттен суырып жол тауып шығатын тапқырлығын шыңдайды, шешім қабылдай білуге дағдыланады. Айтысты кешенді түсінік беру арқылы оқыту оқушылардың ұлттық өнерді толық түсінуіне, ұлықтап құрметтеуге, өнерді үйренуге ынтасын арттырады. Айтыс өнері арқылы қазақ халқының болмысын анықтайды, өзін таниды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Әбдіқал Айтақын. Кешегі айтыскерлердің ізінде кім бар?. // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 22 қаңтар. – 10 бет.

2 З. Сәнік. Көп томдық шығармалар жинағы. 11-том: Мақалалар, рефераттар. / З. Сәнік. – Алматы: Ан Арыс, 2017. – 352 б.

3 Т. Ақшолақов. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп. – 1983. – 192 б.

4 С.Ч. Тұрсынғалиева. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Астана: Арман-ПВ. – 2017. – 192 б.